

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№39 (7876)  
Жұма  
30 қыркүйек  
2022 жыл

## Әлихан әруағына тағзым



1937 жылдың 27 қыркүйегі – Алаш қозғалысының көшбасшысы, «Алаш» автономиясы, «Алашорда» үкіметінің төрағасы, XX ғасырдағы қазақтың ұлы саясаткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның совет өкіметі тарапынан ату жазасына кесіліп, атылған күні. Осыған орай 27 қыркүйек күні Қарағанды жастарының бастамасымен Алаш арысының туған жері Ақтоғай ауданының Жекежал қыстағында «Әлихан әруағына тағзым» деген атпен еске алу шарасы өтті. Оған Қарағанды қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Ілияш, «Әлиханның шырақшысы» атанған әлихантанушы, дала академигі, өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан, аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов, Құсақ ауылдық округінің әкімі Дархан Мұқатай, журналист Зарина Әшірбек бастаған Алаш қозғалысының тарихын танып-білуге құштар белсенді жастар қатысты.

«Шараның мақсаты – азаттық жолында құрбан болған бабамызды еске алып, рухына тағзым ету. Өнегелі бастама арқылы бұл қаралы күнді жалпыұлттық деңгейге көтеріп, Аза тұту күніне айналдыруға бастамашы болу. Жас қабілет иелерін Алаш арысының азаматтық болмысы мен қайраткерлік ұстанымымен таныстыру. Даңқты баһадүр бабамыз басқан әр ізді ұрпақ жадында жаңғыртып, өскелең ұрпақтың санасына рух, жанына жігер беру», – дейді шараны ұйымдастырушылар.

Тағылымы мол шара аудандық мешітте басталды. Ақтоғай аудандық мешітінің наиб имамы Асқат Сүйіндік Әлихан Нұрмұхамедұлының рухына арнап Құран бағыштады. Қарағанды жастары мешіттің наиб имамына аудандық мешітте Әлихан Нұрмұхамедұлының рухына арнап алғаш рет Хатым Құран түсіруді өтініп, аманаттап тапсырды.

Шара аясында Ә.Бөкейханның ата-анасы, туған-туыстары жерленген

(Жалғасы 2-бетте).

Жұмыссыздық қазіргі таңда қай өңірде болса да өткір тұрған мәселе. Ол жайында ауыз көпіртіп айту керек те емес. Бұл талайдан бері түйіні тарқамай келе жатқан мәселе. Десе де, Үкімет тарапынан жаппай жұмыссыздықты жою мақсатындағы әртекті мемлекеттік бағдарламалар түзіліп, кезең-кезеңімен жоспарлы түрде жүзеге асып келеді.

Жұмыссыздықты жүгендеудің бірден-

орнында катодты мыс өндіруді қолға алған «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС қосылмақ. Бұл ауданға инвестиция тарту және тау-кен өндірісін дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың жемісі.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 27-ші жұлдызында аудан әкімі С.Әбеуова және аудан әкімінің орынбасары С.Амралин арнайы «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС-не барып қайтты.

## Жаңа жұмыс орны ашылмақ

бір жолы – жаңа кәсіпорындар ашу, өз шаруашылығымызды аяғынан тұрғызып, өз-өзімді жұмыспен қамтатымын деген азаматтарға қолдау білдіру. Бұл мәселеге

Іссапар барысында ауданымыздың атқаміндерлері корпорация басшыларымен кездесіп, катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы

келгенде ауданымызда біршама ілгерілеу бар. Мәселен, жыл сайын өңіріміздің тұрғындары «Бастау-бизнес орталығында» оқып, Ақтоғай несиесі серіктестігінен өз кәсібін ашуға жеңілдетілген несиесі алып, көкейде жүрген, иі қанған идеясын жүзеге асырып жатыр.

Бұдан бөлек қаншама азамат облыс, аудан әкімінің грантына өтініш білдіріп, қайтарымсыз қаражатқа ие болып жатқан жайы бар.

Сондай-ақ, еліміздегі іргелі кен орындарының бірі – «Алтын Алмас» АҚ ауданымыздың ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен келген азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Жуырда «Алтын Алмастың» қатарына «Борль» кен

жұмыстарымен танысып қайтты. Басшылық аталған зауыттың құрылысы толық аяқталуға жақын екенін, қараша айында іске қосуды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Алдағы уақытта кәсіпорын 140 адамды жұмыспен қамтып, жылына 5000 тонна катодты мыс өндіру арқылы ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоспақ.

Е.АЙТЖАН.



## Ақпараттық хабарлама

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына белгіленуіне сәйкес, республикалық орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ сайлаудың аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының назарына!

Ақпараттық хабарлама

ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары республикалық орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ сайлаудың аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын материалдарын орналастыру үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «Ақтоғай аяғу» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметрі құны 400 теңгені құрайтынын хабарлайды. Газет алаңында материалдар беру үшін аудандық, аумақтық сайлау комиссиясы газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттық негізінде жүзеге асырылады.

Сайлау алдындағы материалдарды қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«Ақтоғай аяғу» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

«Талдыбейіт» қорымының басында Алаш арысының рухына құрбан шалынып, ас берілді.

Іс-шара ұйымдастырушысы, идея авторы Зарина Әшірбек өткізіліп отырған шараның маңызына тоқталып, мақсатын түсіндірді.

– 1937 жылы 27 қыркүйекте Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, Алашорда ұлттық автономиясының тұңғыш төрағасы, тәуелсіздік күрескері, сталиндік террор құрбаны – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға кеңес үкіметі тарапынан «халық жауы» деген жалған айып тағылып, Мәскеудегі Бутырка түрмесінде ату жазасына кесілді. Алаш арысына қатысты сот үкімі сол күні орындалып, мәйіті өртеліп, күлі Дон



зиратына көмілді. «Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» – деп азаттықтың ақ таңын армандап кеткен Әлихан Бөкейхан туған жерден бір уыс топырақ бұйырмай, жырақта атылды. Сүйегі күл болған ұлт көсемінің жаназасы шығарылмай, мәйіті жерленбей қалды... Күні бүгінге дейін бұл қаралы датаға мән бермей келдік. Халқымыздың азаттығы мен еркіндігі жолында жанын құрбан еткен Әлихан Бөкейхан бабамыздың рухына тағзым ету – перзенттік парызымыз. Алашты іздеуші жастар барда, Алаш рухы ешқашан өшпейді, – деді Зарина Әшірбек.

Әлихантанушы Тұңғышбай Мұқан Қарағанды жастары ұйымдастырған шараға «тыңға түрен салған батыл бастама» деп жоғары баға беріп, биыл ел тарихында тұңғыш рет 27 қыркүйек «Әлихан рухына тағзым күні» ретінде белгіленіп отырғанын ерекше атады.

Мұнан соң іс-шара бағдарламасына сәйкес, Қарағанды жастары Алаш арысының кіндік қаны тамған қасиетті мекен – Ақтоғай өңірінің тарихымен танысып, Жекежал қыстағының орнын көрді. «Хан тағы» аталған қасиетті қара тасқа шығып, Әлихан Бөкейханның туған жерінде қола дәуірінен сақталған петроглифтер әлеміне саяхат жасады.

Шара соңында қатысушылар Ақтоғай ауданындағы «Алаш» алаңындағы «Үш арыс» ескерткішіне, Ақтоғай археологиялық-этнографиялық мұражайына, Саяси құғын-сүргін және апаршылық құрбандарына арналған «Тарих тағылымы» саябағына және Ж.Шайдаров атындағы мәдени демалу орталық саябағына барып, Әлихан Бөкейханның бай мұрасынан ой түйіп, әсерленіп, рухтанып қайтты.

Өз тілшімізден

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – растайтын құжаттардың электрондық көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген қызметінің басталғаны туралы хабарлама,

## Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет

мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру мемлекеттік қызмет болғандықтан, жеке және заңды тұлғалар тиісті өтінішті [www.egov.kz](http://www.egov.kz). «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) Арнайы нысан бойынша өтініш;
- 2) Меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмесі;
- 3) ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін

растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама,

өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының болуы туралы меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет шлюзі арқылы алады.

Ветеринариялық-санитариялық қорытындының мемлекеттік қызмет көрсету күні 4 жұмыс күні ішінде болады. Қосымша сұрақтар бойынша «ҚР АШМ ВБҚК-нің Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесімен хабарласуын сұраймыз.

Мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 3 үй. Жұмыс телефоны: 8(71037) 21745.

«ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

## Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсысын болмасын қатты да алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы, адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, бұл – адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қасы тұру қабілеті.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағы мен көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін өздігінен шаралар жасалып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

«ҚР АШМ ВБҚК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі.

### 2022 жылдың 20 қараша айына тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

№	Сайлау комиссиясының құрамы	Байланыс телефондары	Сайлау комиссиясының орналасқан жері
1	Райымбеков Жанболат Жанатбекулы – төраға	Код 8 (71037) 2-11-67	100200 Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4
2	Сейлханов Носергали Сейдығалиұлы – төрағаның орынбасары	2-15-43	
3	Едебекова Гүлнур Казтайқызы – хатшы		
4	Садуақасова Меруерт Дартайқызы – комиссия мүшесі		
5	Сейсенбаева Асем Сайлаубековна – комиссия мүшесі		
6	Каримхан Қуанышбек Окенұлы – комиссия мүшесі		
7	Сейсекеева Мейрамгуль Сергейқызы – комиссия мүшесі		

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

### УВЕДОМЛЕНИЕ

о составе и местонахождения Ақтоғайской районной избирательной комиссии по организации и проведению внеочередных выборов Президента Республики Казахстан назначенных на 20 ноября 2022 года

№	Состав избирательной комиссии	Контактные телефоны	Местонахождение избирательной комиссии
1	Райымбеков Жанболат Жанатбекулы – председатель	Код 8 (71037) 2-11-67 2-15-43	100200 Қарағандық облыс, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай аудандық округі, с.Ақтоғай, ул.А.Бөкейхана, 4.
2	Сейлханов Носергали Сейдығалиұлы – заместитель председателя		
3	Едебекова Гүлнур Казтайқызы – секретарь		
4	Садуақасова Меруерт Дартайқызы – член комиссии		
5	Сейсенбаева Асем Сайлаубековна – член комиссии		
6	Каримхан Қуанышбек Окенұлы – член комиссии		
7	Сейсекеева Мейрамгуль Сергейқызы – член комиссии		

Ақтоғайская районная избирательная комиссия.

«Ырысқа қарай ер өсер, қонысқа қарай мал өсер» деп төмсілдейтін қазақтың ұрпағымыз. Қазақ мына дөңгеленген дүниеде қазақ боп жаралғалы мінсе-көлік, іпсе-сусын, жесе ас болатын төрт түліктен қол үзген емес. Қазіргідей технология дамып, күнделікті қолданысқа кірмей тұрған

дерттің көзін жояды. Осылайша қоршаған ортаның саулығын сақтауға өз ықпалдарын тигізеді. Саналы ғұмырын жоғарыда аталған ветеринария саласына сарп еткен, осы мамандықтың екі тізгін, бір

# Қарттарым – асыл қазынам

ілгерідегі уақытта ата-бабаларымыз төрт түліктен түсетін әрбір өнімді көдеге жарата білген. Аттың жалында, түйенің қомында жүріп, жердің табиғи ерекшелігін ескере отырып, жаз жайлауға, қыс қыстауға қоныс аудару арқылы қазекем иен даланың төсінде тұяқты малын өргізе білді. Арғы-бергі тарихты парақтап қарасақ, жазиралы жерімізде мыңды айдап, үрлеп ішіп, шайқап төккен нелер әлеуетті тұлғалар өткен. Ел есінде біреуінің есімі алақаны ашық Атымтай жомарт ретінде сақталса, енді бірінің аты «шық бермес Шығайбай» ретінде қалып қойды.

Міне, содан бері арада қаншама уақыт өтсе де, мал шаруашылығының



үстемдігі артпаса, кеміген емес. Қара жұмыстың қырын сындырып, қыртысын айналдыратын әбжіл жандар осынау ата кәсіптің шалғайынан ұстап, шаруашылығын дөңгелетіп жүр. Мал шаруашылығының ел экономикасындағы маңызы туралы Әлихан Бөкейхан сонау 1915 жылғы нақты дерек-дәйекпен дәлелдеп айтып кеткен. Алаш қайраткері қазақтың кең даласы малды асырайтынын, өлемдік нарықта мал өнімдеріне ешуақытта сұраныс толастамайтынын сол кездің өзінде болжап, «байтақ жерде шалқып жатып мал басын қосып еңбек ете алмай отырсындар» деп қаңдастарымызға қатты қынжылыс білдірген екен. «Игілік іс» атты еңбегінде қазақтың бұрынғы игі істерінің тоза бастағанын, соған орай заманына қарай өз амалы, өмір салтанатына қарай өз игілікті ісі болады деп, кооператив сөз атауына «бірігіп әдіс қылу, бір одақтас, бір қостас, бір оттас болу деп анықтама берген.

Алаш қайраткері айтқандай-ақ, кейін келе Кеңес Үкіметінің іргетасы қаланап тұста жаппай колхоздастыру жұмыстары жүріп, «апа тұяқты, айыр мүйізді» мал атаулы бір ортаға топтастырылды. Содан келіп «Ортаның малы, ортаның дүниесі» деген түсінік қалыптасты. Қызыл үкімет негізінен агроөнеркәсіпке арқа сүйеп, оның дамуына барынша күш салды. Көштің жүре түзелетіні секілді, сол уақыттағы ауыл шаруашылығы саласы да келе-келе бір арнаға түсіп, оның әрбір мәселесіне айрықша көңіл бөлініп, баса мән берілді. Кесе-көлденең шығатын түйткілдердің алдын алу мақсатында жаңа мамандықтар түзіліп, елдегі жастар оқытыла бастады. Сондай мамандықтың бірі – мал дәрігері. Қазіргі уақытта екінің бірі, егіздің сыңары беттей бермейтін аталмыш жұмыс ертеректе мәртебелі мамандықтардың бірі болған. Бүгінгі күннің өзінде де кім болса да қорадағы жан-жануары от шалмай қалса, «көргені мен көңілге түйгені көп» деп кешегінің көнекөз ақсақалдарының ақылна жүгінгенді жөн санайды.

Ветеринария саласының мамандары жан-жануарды емдеу арқылы адам баласына жұғуы ықтимал аурулардың алдын алып, дер кезінде

шылбырын ұстай жүріп, талай қыр асқан жанның бірі – Байзада Мұқашев. Байзада ақсақалдың ауданымыздағы ветеринария саласының дамуына қосқан үлесі ересен.

Жуырда Қарттар күнінің қарсаңында Байзада Мұқашевпен жүздесіп, сұхбаттасудың сәті туды. Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін Қарттар күнінің қарсаңында жол түсіп, аудандық Ардагерлер үйіне бас сұқтық. Бұрнағы жылы жөндеуден өткен Ардагерлер үйі көзге де, көңілге де жылулық сыйлайды екен. Қоғамдық ұйым төрағасы С.Сыздықов бастаған алқалы топ, құрқылтайдың ұясындай аядай бөлмеде шүйіркелесіп отыр екен. Әдеппен ақсақалдармен амандасып, келе жатқан мерейлі мерекелерімен құттықтадық. Содан Байзада қарияға келген жөнімізді айтып, сұхбаттасуға ниет білдіріп, сөзге тарттық. Екеуіміз көптен жырылып, оңашарақ жайғасып, ұзынсонар өңгіменің күрмеуін ағыттық. Сөзден жібек есіп, сұхбаттың әрін кіргізіп отырған – кейіпкеріміз, біз – тыңдаушы. Байзада көңіл төрінде періш боп қатқан, кешегі келмес күндерге көз жүгіртіп алды да, тамағын қырпап өңгіменің әлқиссасын бастады:

– Мен сонау адамзат тарихында тақсыретті жылдар болып қалған 1942 жылы жарық дүниеге келдім. Ол уақыттағы ағайынның, халықтың пейілі жақсы еді. Әркім қолындағы бір уыс бидайымен бөлісіп, не көрсе де, көппен бірге көретін. Ал, енді бақайлап бақсақ, қазір жанға қажеттінің бәрі бар, халықтың әл-ауқаты жақсы. Бірақ, бүгінгі адамның жүзінде шуақ, жүрегінде мейір-шапағат жоқ. Өзім болсам, өзім толсам екен деген пендешілік пиғыл басым. Хош. Сонымен, зұлмат жылдары қазіргі Шабанбай би ауылы, бұрынғы «Қаратал» совхозында туып-өстім. Қызығы да, қиыншылығы да болған балғын шағым, балалық шағым сол ауылда, Ақсораңның етегінде өтті. Бала болғаннан кейін ойынның жүлгесін үзгісі келмей, шуылдаған бота тірсек балалар бірімізді-біріміз қимай, ауылдан шығандап кетіп, соңын ала кеш оралып, үйдегілерден талай мәрте таяқ та жеп едік. Қазір қарап отырсам, соның барлығы да қызық екен. Десе де, көбіне-көп үлкендерге жәрдемдесіп, үнемі шаруаның бір пұшпағын көтерісіп жүрдік. Кейін көппен ілесіп

төртіп сондай еді. Қазір ғой қос-қостан диплом алып, жұмыссыз босып жүргендер қаншама?! Ол кезде азаматтық борышынды өтеп келсең де, оқу бітіріп келсең де, бірден желкелеп апарып, жұмысқа орналастыратын. Содан не керек, сол кездегі «Ленин» колхозында еңбек жолымды бастап кеттім. Алдыңғы буын ағаларға ілесіп жүріп, бұл мамандықтың қыр-сырын меңгердік. Атқа тақым артып, ауыл-ауылды, қыстақ-қыстақты аралап кеткен кездеріміз қаншама. Кеңес Үкіметінің тұсында қай салада болсын төртіп темірдей бекем болатын. Жүктелген міндеттің үдесінен шығу үшін күн демей, түн демей еңбек еттік. Кейін келе «Жәмші», «Қаратал» совхоздарында қызмет жасадым. 1975 жылы осы Ақтоғайға қызмет бабымен ауысып келіп, осы арада тұрақтап қалдық. Сонау 1962 жылдан 1997 жылға дейін табан аудармастан өз мамандығым бойынша қызмет жасадым. 1997 жылы зейнетке шығып, еңбегімнің жемісін күні бүгінге дейін жеп келе жатқан жайым бар. Қазір жан-жағыма қарайлап, Аллаға шүкір деймін. Жаратқанның берген ырзық-несібесін теріп жедік. Жұбайым Мәкіш Қоңқабаева негізінен Балқаштың тумасы. Алты балам бар. Барлығын да қатарынан қалдырмастан оқыттық, жеткіздік. Қазір әрқайсысы өз алдына бір-бір шаңырақ болып отыр. Солардың қызығы мен қуанышына марқайып, әрдайым тілекші болып отырамыз. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген емес пе?! – деп Байзада Мұқашев өдемі өңгімесін төмамдады.

Шынтауайтында да, ветеринария өте күрделі сала. Және ол анау-мынау көтере бермейтін мамандық. Түзде жүріп тағы болып кеткен малмен алысу жігіттің жігіті ғана жасай алатын шаруа. Бұл салада маманның тапшы болатыны да осы себепті. Бұған қоса алатын айлықтары да ауыз толтырып айтуға келмейді. Мардымыз. Оның үстіне жер-жердегі төрт түлікті электронды базаға тіркеу, тоқсан сайын малдардан қан алу жұмыс жүктемесін еселеп жіберді. Осыншама міндет жүктелген жұмысты, болымсыз айлықпен ешкім жасағысы келмейтіні рас. Сол себепті де бұл салаға тыңнан түрен салынар деген үмітіміз бар.

Е.АЙТЖАН.

мектеп табалдырығын аттадық. Сол арадағы аядай білім ошағында сауатымызды ашып, төлім алдық. Бастауыш сыныпты аяқтағаннан кейін қазіргі Ақтоғай ауылындағы М.Горький атындағы мектепте сегізжылдық мектепті бітіріп шықтық. Содан 1958 жылы Қарқаралы зооветтехникумына мал дәрігері мамандығы бойынша оқуға түстім. Ауылдан алғаш ұзап шыққандықтан, алғашында ептеп үйренісе алмай жүрдім.

«Жылқы кісінескенше, адам тілдескенше» дейді емес пе?! Келе-келе өзім секілді жан-жақтан келген жастармен тез тіл табысып кеттік. Араға аттай 4 жылды салып, көңілім қалап түскен аталмыш оқуды төмамдап, мал дәрігері деген мамандықты алып шықтым. Техникумды бітірісімен, уақыт оздырмастан жұмысқа орналастым. Ол уақытта

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа қайталанып ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі. «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Ақтоғай ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2022 жылдың 27 қазан күні сағат 15.00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзге де
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Айыртас ауылдық округі лот №8	Мал шаруашылығы	4163,4 15 жыл			4134	5,0000	6	Қамтамасыз етілмеген	
2	Айыртас ауылдық округі лот №36	Мал шаруашылығы	2300,0 15 жыл			2290		6	Қамтамасыз етілмеген	
3	Абай ауылдық округі лот №1	Мал шаруашылығы	700,0 15 жыл			693,0		6	Қамтамасыз етілмеген	
4	Абай ауылдық округі лот №4	Мал шаруашылығы	1699,9 15 жыл			1694,0		6	Қамтамасыз етілмеген	
5	Абай ауылдық округі лот №158	Мал шаруашылығы	2700,0 15 жыл			2690,0		6	Қамтамасыз етілмеген	
6	Абай ауылдық округі лот №5	Мал шаруашылығы	2499,9 15 жыл			2494,0		6	Қамтамасыз етілмеген	
7	Абай ауылдық округі лот №38	Мал шаруашылығы	375,0 15 жыл			373,5		6	Қамтамасыз етілмеген	
8	Абай ауылдық округі лот №37	Мал шаруашылығы	3550,0 15 жыл			3344,0		6	Қамтамасыз етілмеген	

**ЕСКЕРТПЕ:**

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру

бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өпірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң 2022 жылғы 04 қазаннан бастап 2022 жылдың 24 қазан аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» повторно извещает список не сыгранных лотов в предыдущем конкурсе и о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 27 октября 2022 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4.

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч.				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	с/о Айыртас лот №8	Для животноводства	4163,4 15 год			4134	5,0000	6	Необеспечен	
2	с/о Айыртас лот №36	Для животноводства	2300,0 15 год			2290		6	Необеспечен	
3	с/о Абай лот №1	Для животноводства	700,0 15 год			693,0		6	Необеспечен	
4	с/о Абай лот №4	Для животноводства	1699,9 15 год			1694,0		6	Необеспечен	
5	с/о Абай лот №158	Для животноводства	2700,0 15 год			2690,0		6	Необеспечен	
6	с/о Абай лот №5	Для животноводства	2499,9 15 год			2494,0		6	Необеспечен	
7	с/о Абай лот №38	Для животноводства	375,0 15 год			373,5		6	Необеспечен	
8	с/о Абай лот №37	Для животноводства	3550,0 15 год			3344,0		6	Необеспечен	

**ПРИМЕЧАНИЕ**

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурсе; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией

региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 04 октября 2022 года до 24 октября 2022 года.

Извещению землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района». Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83.

Бауыржанның талантты командир ретіндегі қарым-қабілеті 1941 жылдың күз-қыс айларында Москваны қорғау кезіндегі қаһармандық ерліктері арқылы танылды. Бойындағы туа біткен намыс, Отанына деген сүйіспеншілік оны Ұлы қолбасшы дәрежесіне көтерді. Әскери қызметі мен бейбіт заман кезіндегі өмір жолына ой жібере алсаңыз, батырдың сан-салалы қызық та қиын, бұраланы мен бұлтағы көп кедергілерден өтіп, тарихи тұлға болып қалыптасқандығына көз жеткізуге болады екен. Ол ерен еңбектері және аңызға айналған мінез-құлықтарымен ғана танылып қойған жоқ. Халқымыздың мәдени және ұлттық құндылықтарына лайық көптеген әдеби-тарихи туындылар жазып, Мемлекеттік сыйлық иеленген айтулы жазушы да, тарихты байытушы да бола алды. Қайраткер дәрежесіне жетіп, ұлттық құндылықтарымызды көтерді. Көркемдік ойды дамытты.

алдындағы ақ Волганың маңында 2 әскери адам тұр. Біреуі – офицер, жанындағысы – қарапайым жауынгер. Оншақты минут мөлшерінде қасында капитан орыс жігіті бар Баукең сыртқа шықты. Түсі суықтау, ызбарлы сияқты көрінді. Біз именшектеп алыста тұрғанбыз. Көліктің

фильмінің тұсаукесері сияқты алғаш экранға шығармай тұрғанда болатын пікірлесуге шақырған екен. Жалпы фильм жаман шықпаған. Соған арнайы пікір білдіріп келдім. Соғыс кезінде жауынгердің басында болатын жан алып, жан беріскен арпалыстарды сол қалпында

сәл сольғын басқандай сәт еді. Біздер Баукеңнің шын көңілімен шешіле сөйлеп, сыр төгіп әскери салаға арналған далалық лекциясының тыңдаушысы болғанымызға іштей мақтаныш сезімін ұялатқандай едік. Іле-шала Баукеңнің: «Сопляк, мальшишка, бросай сигаретты», – деген күркірін естідік. Аңдасақ, Баукеңді қоршай тұрғандардың ішінен балқаштық бір жас жігіттің темекі тұтатып, түтіндеткенін көз шалыпты. Оған қарап: «Сен кімсің, көпшілік тұрған жерде неге шылым шегесің? Сен мен болмақшы ма едің?» – деп тағы басқа жанға батар ұятты сөз айтты да, «Доклад окончен» – деп қатуланған бетінде орнынан тұрып, санаторийге бет алды.

Осы көріністерге ой жүгірте байыптасаң, жаңа ғана мағыналы сөз айтып жайма-шуақ отырған батырдың аяқ астынаң бұрқан-тарқан ашуға беріліп кетуі – оның көп қырлы ерекшеліктерінің бірі деп топшыладық. Яғни, қарама-қайшылықты



# Баукеңмен бірге болған керім күндер

(Естелік-эссе)

Оған жастайынан ішкі сезімі жетіліп, ел аузындағы көне тұжырымдар мен өмір ағысын сабақтаудан туған қазақ халқына ғана тән сөз өнерін кәдірлеудің айғағындай болатын көптеген мақал-мәтелдер жазып қалдыруы да дәлел.

Халық даналығында атақты адамдарды дәуір туғызады делінеді. Оның өмір жолының аңыз бен ақиқатқа құрылуы ХХ ғасыр әкелген арпалысты заман ерекшеліктерінің ықпал етуінен туған шығар деп топшылауға болар. Тарихи тұлға аталып, халқымен қоса жасасу, оның келер ұрпағына үлгі-өнеге боларлық ізгі де мол мұра қалдыру әр пендеге бұйыра бермейтін аспандағы ай сияқты қиял болып елес береді. Бақытыма орай, қиялымдағы айға балаған қазақтың атын көптеген елге таратқан Баукеңмен 1969 жылы кезігіп, тілдес болдым. Бұл менің өмір жолымда ұмытылмас әсер қалдырып, ол жайлы алыпқашпа сөздерді өз аузынан естіген ерекше оқиға болды. Ұмытпасам, сол 69-шы жылдың 14-ші наурыз күні Ташкент аэропортынан түсіп, Сарыағаш қуортына жеткем. Үш күн бұрын келген «Қызыларай» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы Оразалин Тәжібай ағам қарсы алды. Бас корпусстың бірінші қабағындағы екі кісілік бөлмеге орналастым. Сөз арасында Тәжібай ағам осы корпусстың бірінші қабатына Бауыржан әйелімен келіп орналасты дегенді жеткізді.

– Мен келгелі 3-4 күн болды, көріп қалайық деп аңдудамыз. Бірақ, сыртқа шықпады. Сенің корпусың бір ғой, бізден бұрын сен кездесіп қаларсың, – деген. Мен жатқан бөлмеде қарағандылық шахтер, орыс шалы бар. Сол шал жатар мезгілде: «Біздің қабырғалас бөлмеде кімдер орналасқанын білмедім. Солар түн ортасы ауғанша бірденелерді тықылдатып, мазамды алып бітті», – деген. Мен оған мән бере қоймағам. Ертеңіне таңертең сағат жеті жарымдар шамасында Тәжібай ағам сүйінші сұрағандай, ентелей кірді: «Аманкелді, Аманкелді, бол, бол. Сыртқа шығайық. Ташкенттегі Орта Азия Әскери округінен 2-3 әскери адамдар келді. Сөз әлпеттеріне қарағанда, Бауыржанды шақыра келіпті. Баукеңді көріп қалайық», – деген соң сыртқа шыққанбыз. Есік

жанындағы 2 жігіт әскери тәртіппен оң қолын шекелеріне қойып сәлемдесті. Баукең: «Честь имею», – деп есік ашқан әскерилердің сүйемелдеуімен артқы орындыққа жайғасты...

Бізді таңдандырғаны, күн жылы болса да Баукеңнің қалың киім киімі еді. Үстінде ұзын күздік пальто, басында күндіз бөрік, аяғында офицерлер киетін жазғы жұқа етік, сыртына галош киген. Ойлап қарасаң табиғи құбылысқа қарама-қайшы әрекет...

Демалушыларға Баукеңді көргенімізді айтып, мақтанып жүрміз. «Келген мезгілін білмей, хабарсыз қалмаңдар», – деп құлақтандырып үлгердік. Санаторий алдына қойылған орындықтарға жайғасып, құрметті қонағымызды күтудеміз. Өлдік-талдық дегенде түс ауа Құдай ондап бағанағы ақ Волга санаторий алдына келіп тоқтады. Ішінен түскен Баукең көпшілік отырған жерге қарай беттеді. Таңертендей емес, бет әлпетінен жылулы шуақ ескендей, көңілді екен. Бұл жолы да «Ассалау» дегенге батылымыз жетпеді. Көп тобырдың қол беріп амандасуын жақтырмайтын шығар деген қауіпте болдық. Үн-түнсіз отыра бергені сол еді, топ ішінен бөліне шыққан қартандау татар шалы: «Батя, барсыз ба?» – деп, қолын алып сәлемдесті.

– Ей, сен кімсің? Мені неге «Батя» деп айттың?

– Мен сіздің жауынгерлеріңіздің бірімін. Сіз басқарған батальонда болып, жаумен аянбай соғысқанбыз, – деп батырдың сұрақтарына арқа-жарқа болып жауап қайтарды. Іле Баукең:

– Неше қатының бар, тоқал алдың ба, олардан қанша балаң бар? – деді.

– Тоқал алғаным жоқ. Бәйбішемнен 3-4 балам бар, – деп батырдың мысы басып кетті ме, алғашқыдай емес, мінгірлеп қалды.

– Халықтың өсіміне неге жөндеп үлес қоспадың? – деп жауынгерін қыспаққа алсын. Біздер осы оғаш сұрақтарға аңтаңбыз. Ішімізден мырсылдағандай боламыз. Сәл оғаш қылық көрсе, ақырып жіберер деген сексеніміз де бар. Батыр сәл үнсіздіктен соң, Ташкентке барған сапарын баяндай бастады.

– Әскери округтегі жігіттер «Қырғыз фильмі» студиясы шығарған «Бауыржан»

экран арқылы шындық тұрғыға сай етіп шығару қиынның-қиыны. Көп жайларда соғыс алаңындағы атыс-шабыс кеңінен камтылады да, жауынгерлердің көзге көріне бермейтін ішкі психологиялық арпалысты әрекеттері, қорқыныш пен тірі қалу үміті толық мәнінде жетпей жатады. Өйткені, әскери ғылымда соғыс кезіндегі жауынгер басынан өткеретін ішкі психологиялық әрекет ғылым саласының жеке бөлігі болып саналады. Оны соғысқа қатыспаған, жауынгер қиыншылығын басынан өткермеген адамның толық білуі, меңгеруі мүмкін емес. Ұрандап «Алға!» – деп айғайлаған командирдің бұйрығының астарында шабуылдап, жеңіске жету мақсатының болатыны шындық. Бұл шабуылға шығушылардың бойына рух-жігер енгізетін психологиялық сынақ. Ал, сонымен қабат қоластындағы жауынгерлердің тағдырының шешілетін сәті. Бұл командирдің шешімділігіне, іскерлігіне, әскери шайқастың қыр-сырын қаншалықты меңгеруіне тәуелді дүние. Соғысқа қатыспай фильм мәтінін дайындамақшы болған сценарийстен, фильмді қоюшы режиссерден және фильмде ойнайтын әртістерден толық мәніндегі қан майдан көріністерін талап ету мүмкін болмайтын қиындық. Біздердің соғыс жайлы көрген фильмдеріміздің көбі болған оқиғалардың сұлбасы ғана деп санаймын. Бірақ, сол осал деген дүниенің өзінде аға буынның бастан кешкен ауыртпалықтары көрініс табады.

Қырғыз бауырлар тарихи шындықты шама-шарқынша кестелей білген деуге болар. Бір сөзбен айтқанда, оларға ризашылығымды білдірдім. Осы фильмді дайындар алдында менің рөлімді орындайтын ыңғайлы әртіс таба алмай, киногерлер көбірек қиналған болуы тиіс. Содан ба, әлде ой-саналарының жеткен жері сол болды ма екен: «Өз рөліңізді өзіңіз ойнасаңыз қалай болады?» – деп сөз салған. Мен: «Мыналарын құлақ естіп, көз көрмеген, тарихта кездеспеген тосын дүние екен. Осы ұсыныс кімнің тарапынан айтылса да, оның мүсәпірлігін, надандығын танытады», – деп ысқыртып үйден қуып шыққам, – деп сөзін аяқтады. Бір қарыс ақ мүштігіне фильтірлі сигарет қыстырып тұтатты да, құлшына сорып,

ғұмыр. Кемшіліктерге төзбейтін вулканды атқылау ма деп ойлауға болар...

Бөлмеде бірге жататын шахтер шалдың айтқанындай, Баукеңдер жататын бөлмемен қабырғалас екенбіз. Бірінші қабаттағы қысқалау тұйық залға екі-ақ пәтер орналасқан. Оның түп жағында біздер, бізден соң есікке тақау ауызғы жағында Баукеңдер. Жататын жерлері кең, екі бөлмелі. Шалдың мазасын кетірген түнгі тықыл жазба машинкасының дауысы болып шықты. Оны далаға кіріп-шығып жүріп ашық тұрған есіктен аңдағам. Бөлмелерінің ауызғы жағында бөлек-бөлек қойылған биік аяқты киім ілгіштерде оңалы қазақ шапан мен күндіз бөрік, екіншісінде әскери форма, үшіншісінде күнделікті киілетін қарапайым киімдер ілінген.

Баукең кей күндері кіреберістегі қысқа залда әрі-бері жүреді. Бір күні абайсызда қарсы кездесіп қалып, амандаспақшы болғанымда, қабағынан қар жауған кезіне тап болғаным бар. Көзі от шашып, мұрты тікелей кетті де: «Марш, мне не мешай» – деп гүр ете қалды. Сөйтсек, жаңадан жазбақшы болған туындыларын ойша сұрыптау әлегінде болады екен. Оны бойымыз үйреніп, жақындаса бастағанда өзі айтты. Біздер осы сапардан емделіп қайтқанша Баукеңнің түрлі-түрлі қызықтарына тап болдық. Соның бірі – бильярд ойынындағы шеберлігі. Санаторийдің солтүстік-шығыс жағындағы ойпаңдау жерде бильярдқа арналған бір қабақты ауқымы кең ғимарат бар. Соның кең залына қойылған үстелдің бірі Баукеңе тиесілі. Үстелден жоғарырақ қабырғаға Баукең келеді-ау деген екі мезгілді меңзейтін кесте ілулі тұрады. Бірі – таңертеңгі 11-12-нің, екіншісі – кешкі 5 пен 6-ның аралығы. Кестеде көрсетілген уақытта осы үстелдерде басқалардың ойнауына рұқсат етілмейді. Баукең келгенде ойын үстелі бос тұруы шарт. Түстен кейін Баукең келеді-ау деген мөлшерге санаулы минуттар қалған. Баукең үстелінде ойнап жатқан 2 жігітке зал иесі

Аманкелді Туғанбай,  
нарманбеттанушы,  
Ақтоғай ауданының құрметті  
азаматы.  
(Жалғасы бар).

Әрбір мемлекеттің болашағы – ел жастарының қолында. Болашақта ел тізгінін бүгінгі жастарымыз ұстайды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында» дегені жарқын істерге апарар жолды меңзеп тұрғандай. Расында, бүгінгі жас – ертеңгі елдің тірегі, келешектің келбеті емес пе?

Ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Тәрбие мен білім қатар жүрсе ғана бәсекеге қабілетті, жан-жақты, өзіндік мені қалыптасқан ұрпақ өсері анық. Бүгінгі таңда жан-жақты білім аламын деген жастарға

ел бірлігінің алтын қазығы болып табылады. Қаймағы бұзылмаған ұлттық төлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған атаулы М.Ержанов атындағы мектебінің педагогикалық ұжымы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынбай еңбек етіп келеді.

Аталмыш мектеп алғаш 1964 жылы бастауыш мектеп болып ашылып, кейін 1987 жылы 624 орындық 3 қабатты білім ордасы салынды. Содан бергі мектептің тарихында қаншама ауыл баласы

ұрпақ тәрбиелеу маңызды орын алады. Білім мен ғылымның іргетасын қалайтын білім беру буындарының негізгісі – орта мектеп. Орта мектепте барлық ғылым негіздерінің алғашқы әліпшелерімен қарапайым қағидалары қаланады. Ал, мектеп мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мектебімізде жалпы 25 педагог-тәрбиеші қызмет атқаратын



# Ұлт болашағы – білімді ұрпақ қолында



мемлекет барынша жағдай жасап отыр. Оған дәлел, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары бола алады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында жастарды қолдау, өскелең ұрпақтың білім алуына барынша жағдай жасау керектігін айтып өтті. Қазақ баласының жақсы өмір сүруіне Ел басшысы жан-жақты жағдай жасауды өкіметке тапсырды. Білімге жаны құмар еліміздің жастары үшін жеткілікті деңгейде білім алуға мүмкіндік мол. Соның ішінде білімнің шамшырағын жағып, нәрімен сусындатқан мектепті халық қашанда қадір тұтады. Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді, өнерлі азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Солардың бірі – Ақтоғай ауданына қарасты Манарбек Ержанов атындағы жалпы білім беретін мектебі.

Иә, ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, мектеп – ауыл жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы,

білім алып, еліміздің игілігіне қызмет атқарып келеді. Бір кездері бастауыш болып ашылған мектеп өзінің өсу-өркендеу жолында көптеген қиындықтар мен табысты кезеңдерді бастан кеше отырып, бүгінгі күні тәуелсіз елдің білімді ұрпағын оқытып-тәрбиелейтін іргелі білім ордасына айналды.

Өз тарихында ұзақ жылғы білім мен тәрбие беру жолында өсімдері көпке танымал азаматтарды, қоғам қайраткерлерін тұлғатты. Сол жылдарда өз уақытын аямай, өзгенің уақытын аялай жүріп еңбек етіп, шәкірт жүрегіне ізгілікті жол таба білген ұстаздар мен интернат тәрбиешілерінің еңбегі орасан зор.

Педагогикалық ұжымның оқыту мен тәрбиелеу саласындағы басты жұмысының бірі – осы атқарылған жұмыстарды жас ұрпаққа ұғындыру. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауда «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» делінген болатын. Қазақстанның өркениеті білімі мен ғылымына байланысты десек, еліміз үшін білімді де білікті

болса, соның 2-еуі жоғары санатты, 6 зерттеуші, 8 сарапшы мамандар.

Оқушыларымыз да, ұстаздарымыз да түрлі деңгейдегі білім байқауларына қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізіп келеді. Мектептің ішіндегі оқу-тәрбие жұмысының ең басты көрсеткішінің бірі осы. Біз жүйріктерімізге, грант иегерлеріне, жоғары оқу орындарына түскен тұлғаларымызға қарап, өз жұмысымыздың нәтижесін көреміз және соған қуанамыз. Шәкірт жетістігі мұғалімнің жемісі екені айқын. Әрине, жеке-жеке бәрін атап өту мүмкін емес. Десе де, өзге шәкірттерге үлгі болсын деген ниетте үздік оқушылардың бірқатарын атап өтсек. Оқушымыз Елнұр Ерболқызы 2022-2023 оқу жылында ауыл оқушыларына арналған IQanat High School of Burabay (IQanat олимпиадасының республикалық кезеңінің финалистерін оқытуға арналған)

түсті. Халқымызда «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген жақсы бір төмсіл бар. Мектебіміздің, қала берді ауданның мақтанышына айналған Миранның ҰБТ-ден жоғары нәтиже көрсетуі заңдылық. Атасы мен әжесі Қажымұрат Баймұхатов пен Гүлжаһан Екібаева ұстаздық мамандықтың ұлағатты қасиетін бойына сіңірген жандар. Ал, анасы Жарқын Байжұманова 24 жыл математика пәнінен сабақ береді. Әрине, Миранға алғаш қалам ұстатып, білім өлеміне бағдар берген ұстазы Гүлбану Нөкербекованың да еңбегі орасан.

Сондай-ақ, өзге аудандық, облыстық, білім байқауларында мектептің шәкірттері топ жарып, аудан абыройын асқақтатып жүр.

Жаза берсек, жеткен жетістік те, бағындырған белес те жетерлік. Бірақ, тоқмейісуге тағы болмайды. Білім – болашақ дамуының кілті. Білім арқылы бәсекеге түсу, білім арқылы озу – заман талабы. Өйткені, ғылым дамымай, дүние дамымайтыны айқын. Сондықтан да, төртінші өнеркәсіптік революция – осы кезге дейінгі адал еңбектің жемісін көретін кезең десек



білім беру инновациялық мектеп-пансионатында оқиды. Ал, Сұлтан Какеше Қарағанды облыстық «Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп лицей-интернатына» қабылданды.

Сонымен қатар, Миран Қажымұрат Ұлттық бірыңғай тестілеуден 133 балл алып, Алматыдағы Сүлеймен Демирел университетіне грантқа

те болады. Алайда, жаңа технология алып келетін жаңа дәуірде оның барлығы адамзаттың қолынан шығатынын ұмытпағанымыз жөн. Яғни, адами капиталдың сапасын арттыру – бүгінгі ұстаз борышы.

Б.Курманбекова,  
М.Ержанов атындағы мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы.



